

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы



№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Ұйымдастырылған оқу қызметінің вариативтік
жоспары
2018-2019ж

Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П
Сулейменова К.А

Шымкент

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
« » 2018ж

«Бәрін білгім келеді!» вариативтік бөлім

Мақсаты: Балалардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру және балалардың бос уақытын ұйымдастыра отырып, балалардың қабылеттерін ашу. Түрлі ертегілер арқылы тіл байлықтарын арттыру.

№	Тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі
1	Біздің балабақаы	2	07-14.09.2018ж
2	«Алтын балық» ертегі	2	21-28.09.2018ж
3	«Шалхан» ертегі	1	05.10.2018ж
4	«Ойдан шыққан әңгіме»	2	12-19.10.2018ж
5	«Не деу керек?» Ә. Дүйсенбиев	2	27-02.11.2018ж
6	«Құмырсқа мен көгершін»	1	09.11.2018ж
7	«Отбасындағы сыйластық» (әңгіме)	2	16-23.11.2018ж
8	«Ғажайып ұя» ертегі	2	30-07.12.2018ж
9	«Атасының ақылы» С.Сейтенов	2	14-21.12.2018ж
10	«Бауырсақ» ертегі	2	28-04.01.2019ж
11	«Мақтақыз бен мысық» ертегі	2	11-18.01.2019ж
12	«Пілдің баласы»	2	25-01.02.2019ж
13	«Қаз бен түлкі» ертегі	2	08-15.02.2019ж
14	«Мақтаншақ қоян»	2	22-01.03.2019ж
15	Шуар тауық»	2	15-29.04.2019ж
16	«Ақымақ қасқыр» ертегі	2	05-12.04.2019ж
17	«Жыл басына таласқан хайуанаттар»	2	19-26.05.2019ж
18	«Үш көбелек» ертегі	1	03.05.2019ж
19	«Ұсқынсыз үйрек» ертегі	1	10.05.2019ж
20	«Арайлы күнде қонақта»	1	17.05.2019ж
21	«Үйшік» ертегі	1	24.05.2019ж
Барлығы-36		Әдіскер: Жалымбетова Л. Р	

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
<u>07-14.09.2018ж</u>	«Біздің балабақшада»	Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйлас-тыққа тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері. Балабақшам менің Жаңа қадам жасадым, Қош болып тұр, бесігім. Мен қуанып ашамын Балабақша есігін. <i>Қайырмасы:</i> Әлдилеген елім, Сәбиіңмін сенің, Сәбиіңмін сенің, Балабақшам менің. Айтып берер тәтелер Әсем өлең, жақсы аңыз. Ойыншықтар әперер Қандай жақсы бақшамыз Кіріспе әңгіме Мұзафар Әлімбаевтың «Біздің балабақшада» өлеңі Тыныштық сәті (баяу әнмен) Сергіту сәті (әуенмен орындалады) Кел, балақан, балақан, Шапалақта алақан Жай, жай, жай! Қозғап барлық денені, Қолды қатты соқ енді; Сарт, сарт, сарт! Тықылдатып таяқты Ақырын бас аяқты; Жай, жай, жай! Айтқан кезде өлеңді, Қатты басқын еденді; Тарс, тарс, тарс! Шығармашылық жұмыс. «Балабақша ауласын безендіру». Сызба бойынша тақпақ жаттату Қар, мұз еріп, Су көбейіп, Бүршік шашып, Жапырақ ашып, Бәйшешектер басады. Айтыңдаршы, балалар, Бұл қай кезде болады?

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>21-28.09.2018ж</u>	<i>«Алтын балық» ертегісі</i>	Су жануарлар туралы білім беру. Су жануары - кит туралы мағлұмат беру. Мүсіндеудің әр түрлі әдіс тәсілдеріне машықтандыру.	Кері байланыс. Жылулық шеңбері Педагог балалармен бірге үйден әкелген суреттерге сүйене отырып, су астында тіршілік ететін жануарлар туралы әңгімелеседі. «Алтын балық» ертегісі. Оқу. Талдау Әңгімелесу. Педагог балалармен су асты тіршілік туралы әңгімелейді. «Аквариумдағы балықтар» сергіту сәті Әліппе-дәптермен жұмыс «Алтын балық» ертегісі. Жандандыру «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. С.Оспановтың «Алабұға» немесе «Шортан өлеңі»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
<u>05.10.2018ж</u>	«Шалқан» <i>орыс халық ертегісі</i>	Өзі, жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Үйдегі қауіпсіздік ережелерінің негіздерімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін, ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Үстел үсті және саусақ театрына қатыстыру арқылы артистік қабілеттерін дамыту.	«Еркелету» жылулық шеңбері Педагог балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызады. Балалар отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріп, бір-біріне жылы сөздер сыйлайды. «Не қымбат?» Қазыбек бидің сөзі. Оқу. Талдау. Әңгімелесу «Әр адамның өз отбасы болады. Отбасы бірнеше адіамнан тұрады: ата, апа, әке, шеше, аға, іні, қарындас, әпке, т.б. Олар кез келген істі бірігіп атқарады, бір-біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға үйренеміз». «Шалқан» орыс ертегісі. Оқу. Талдау. Жандандыру. - Ата неліктен шалқанды жұла алмады? Атаның қанша көмекшісі болды? «Бірлесіп орындаған жұмыс тез бітеді, тіпті ең кішкентай адамның да көмегі маңызды, шешуші болуы мүмкін. Ата-ана үшін баланың көмегі өте қажет». Педагог балаларға бетпердесін киіп ертегіні кейіптендіруді ұсынады. Сергіту сәті Ата шалқан егіпті Шалқан үп-үлкен болып өсіпті Ары-бері тартып еді, тартылмады Алақай! Тартып, жұлып алдық! «Кім жоқ?» д/ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
<u>12-19.10.2018ж</u>	<i>Ойдан шыққан әңгіме</i>	Балаларды қиял арқылы ойдан әңгіме құрауға, тілдерін дамытуға, өз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды қаламыз, Жайнай түсті даламыз. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, апайлар! Сәлем саған, алтын Күн! Кіріспе әңгіме - Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекеті өте ерекше және де қызықты түрде өтеді. Себебі бүгінгі тақырып - «Ойдан шыққан әңгіме». Әңгіме желісін өрбіту. - Балалар, ойдан әңгіме құрастыруды қалай түсінесіңдер? Мысалы, бүгін әрбір бала өз ойын, не қиялдап отырғаны жайлы әңгіме құрайды. Ілінген тақта суреттеріне карап құрауға да болады. Әрбір баланың ойдан шыққан әңгімесін сұрақ-жауап арқылы сұрап білу. Ойдан бір ертегіні құрастыру. Балалардың ойын, тілін дамыту. Сергіту сәті Гүлдер, гүлдер, шок гүлдер, Қызыл, жасыл, көп гүлдер. Тұра берші жайқалып, Тұра берші нұрланып. «Кім жоқ?» д/ойыны Дәптермен жұмыс Біз не білдік?

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>27-02.11.2018ж</u>	«Не деу керек?» Әнуарбек Дүйсенбиев	Балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке, әдептілікке баулу.	Шаттық шеңбері Бір шаңырақ астында Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Кіріспе әңгіме Өленді мәнерлеп оқып беру. Не деу керек? Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді, Ең үлкенін, жақсысын Саған тандап әперді, Не деп барып жеу керек? Балалар жүр көшеде, Естіледі шу-айқай. Сен де шықтың, көршінді Қағып кеттің байқамай, Сен не деуді ұмыттың? Әжең түскі тамаққа Қант-кәмпитті салды мол. Жұрттан бұрын ыдысқа Әй-шәйі жок салдың қол, Жөн еді не айтқаның? - Добын апар Назардың,- Деді ағаң, бармадың, Тапжылмадың, сазардың, Аға тілін алмадың, Сен қай сөзді айтпадың? Сергіту сәті Қанат жаям жалма-жан, Талпынғандай ұшуға. Иіліп қол созамын Аяғымның ұшына. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу Дәптермен жұмыс «Жеміс- жидектер» дидактикалық ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>09.11.2018ж</u>	«Құмырсқа мен көгершін»	Әңгіменің мазмұнын түсіну. Жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілейміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Кіріспе әңгіме - Балалар, бүгін біз Спандияр Көбеевтің «Құмырсқа мен көгершін» деген әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп, нақышына келтіріп оқып беру. Сұрақ-жауап - Әңгіме қалай аталады? - Құмырсқа мен көгершін бір-біріне қандай көмек көрсетті? - Құмырсқа қандай жәндік? - Көгершін қандай құс? - Көрдіндер ме, балалар, екеуі бір-біріне көмек көрсетіп, осындай ауыр сәтте қиындықты жеңіп шықты. Сергіту сәті Құстар сайрап, Бактар жайнап, Дала гүлге толады. Құстай ұшып, Аунап-қунап алады. Жыландарша иіріліп, Жорғалап бәрі қалады. «Күн» саусақ ойыны Балалар қолдарын бір-біріне айқастырады. Саусақтарының арасын ашып, күн сәулесі сынды қимыл жасайды. Педагог мына өлең жолдарын айтады. Жарқырайды күннің көзі, Нұрын шашып далаға. Күн сәулесін төгеді, Бакыт сыйлап балаға! Дәптермен жұмыс «Жеміс- жидектер» дидактикалық ойыны Біз не білдік?

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>16-23.11.2018ж</u>	<i>Отбасындағы сыйластық</i>	Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Отбасында үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық керектігін айтқызу арқылы инабаттылыққа тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Педагогпен бірге Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін қайталайды. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар, Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар. Берін жақсы көремін Еркелеймін, еремін. Кіріспе әңгіме (суретпен жұмыс) - Бүгін біз оқу іс-әрекетінде отбасы және сыйластық туралы әңгімелейміз. Өлең оқу Отбасы <i>М. Қуанышбеков</i> Анаң - үнін, жүрегін, Әкең - өмір тірегін, Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын! Әжең - асыл ардағың, Атаң - дана қорғаның, Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын! Аға ақылы <i>Сырбай Мәуленов</i> Кім үлкенді сыйласа, Кім үлкенді тыңдаса, Үлкен болған кезінде Сыйлы болмақ өзі де. Сергіту сәті Бас бармағым - атам, үйдің данасы, Балаң үйрек - әжем, ошақ анасы, Ортан терек - әкем, отау панасы, Шылдыр шүмек - шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек - мен, бәрінің базары. «Топ-топ басайық» жылулық шеңбері Дәптермен жұмыс «Үлкен — кіші» жаттығуы Біз не білдік?

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
30-07.12.2018ж	«Ғажайып ұя» ертегісі	Өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету және балабақшамен таныстыру. Балабақша қызметкерлерімен, бөлмелерімен, жиһаздарымен және ондағы заттармен таныстыру; «үлкен», «кіші», «кең», «тар» деген ұғымдар беру. Өз ойларынша сурет сала білуді дамыту.	«Ғажайып жұлдызша» жылулық шеңбері Балалар ғажайып жұлдызшаны бір-біріне ұсына отырып, «Сәлеметсің бе, жұлдызша Ажар!» деп амандасады. Педагог балалармен ғажайып жұлдызша туралы, әр бала - әр үйдің жарқыраған жұлдызы, қуанышы екенін айтып, әңгімелеседі. Үлкен жұлдызшаны топтың көрнекті жеріне іліп қояды. Сиқырлы айналу. Шығармашылық миниатюра. Дыбыстар әлеміне саяхат Педагог адамдарды қоршаған ортада көптеген әр түрлі дыбыстар бар екенін айтады: адамдардың, жануарлардың дауысы, музыка аспаптарының үні, табиғаттың шуылы, т.с.с. Балалар көздерін жұмып, ұнтаспада жазылған түрлі дыбыстарды тыңдап, алған әсерлерімен бөліседі. Хрестоматия және ондағы кейіпкер «Қарлығаш» атты құспен таныстыру «Ғажайып ұя» ертегісі. Оқу. Талдау «Жоғары, төмен, оң, сол» сергіту сәті «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері Балдырған баламыз, қашан да, қайда да Сенімді боламыз, себебі, біз - достарымыз.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>14-21.12.2018ж</u>	«Атасының ақылы» С. Сейтенов	Әңгімені тыңдату, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлдіру. Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздер арқылы тәрбиелеу.	Психологиялық сәт Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Бір, екі, үш, демімізді алайық. Кіріспе әңгіме - Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде С. Сейтеновтың «Атасының ақылы» атты әңгімесімен танысамыз. «Атасының ақылы» әңгімесін оқу Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу - Әңгімеде не жайлы айтылған? - «Дос» дегенді қалай түсінесің? - Дос қандай болуы керек? - Еркін мен Төкен достықты қалай түсінді? Сергіту сәті Кім үлкенді тыңдаса, Кім үлкенді сыйласа, Үлкен болған кезінде Сыйлы болмақ өзі де. Жылулық шеңбері. «Сикырлы айналу» Дәптермен жұмыс «Біз не білдік?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>28-04.012019ж</u>	<i>«Бауырсақ» орыс ертегісі</i>	Нан өнімдерімен таныстыру. Дәнді дақылдар туралы білімдерін кеңейту. Желілі-рөлді ойынға және кейіптендіруге арналған атрибуттарды дайындау іскерліктерін қалыптастыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Кері байланыс. Жылулық шеңбері. Педагог алдын ала дайындаған дақылдарды көрсетіп әңгімелеседі. Балалар біліп келген мәліметтермен бөліседі, педагог жауаптарын қорытындылайды. Ө.Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ» өлеңі. Оқу. Жандандыру. «Бауырсақ» ертегісі. «Не жасырылғанын тап?» д/ойыны Тақтаға ұннан жасалған тағамдар: торт, бөлке, батон, печенье, бауырсақ, тоңаш, т.с.с. суреттер қойылады. Педагогтың белгісінен кейін балалар көздерін жұмады. Педагог бір суретті алып тастайды, балалар қандай суреттің алынғанын табады. Күрделендіру: бір сурет алынады, қалғандарының орындарын ауыстырады. Сергіту сәті Жайқалады ақ бидай, Басын иіп аққудай. Трактор мен комбайн, Жүргізуге мен дайын. «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. Ө.Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ» өлеңін қайталау.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>11-18.01.2019ж</u>	<i>«Мақтаңыз бен мысық» ертегісі</i>	Балалардың тағамдар жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Сүт тағамдарымен таныстыру, сүттің адамға пайдасы туралы түсінік беру. Сөздік қорларын дамыту, қарындашты қолдану дағдыларын дамыту. Алғыс айта білуге, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Жылулық шеңбері. «Түлкі, түлкі, түлкішек» өлеңі Әңгімелесу. «Біз қашан тамақтанамыз және не жейміз» Педагог балалармен бесін және кешкі аста не жейтіндері туралы әңгімелеседі. Сүт тағамдары туралы әңгімелесу «Мақта қыз бен мысық» ертегісі Сурет бойынша әңгімелесу. «Қара да, айт» Балалар «Сүт тағамдары» суреттер сериясы топтамасын қарайды. Педагог тағамдардың аттарын атап, осы аталған тағамдар сүттен жасалғанын әңгімелейді. «Қыс» Аяздан тұрған жан жоқ өзін біліп, Сақтапты тау ғана тек төзімділік. Шебер қыс келді ұқсатып бір ғалымға, Көзіне іліп кетіпті көзілдірік. «Басында не жеді, содан кейін ше?» ойыны Әңгімелесу. «Пайдалы дәрумендер туралы» «Мақта қыз бен мысық» ертегісін кейіптендіру «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. «Саусақтарым билендер» ойыны

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>25-01.02.2019ж</u>	<i>«Пілдің баласы» ертегісі</i>	Алыс жерлердегі жануарлар туралы түсінік беру. Керік, піл және қолтырауын туралы түсініктерін бекіту. Шығармашылықтарын дамыту. Жануарларға деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.	Жылулық шеңбері. Е.Өтетілеуұлының «Піл» өлеңін оқу Піл туралы әңгімелесу Р.Киплингтің «Пілдің баласы» ертегісін оқу, әңгімелеу Сергіту сәті Көлбең, көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем, Пілдер қалай жүреді? Кім көрсете біледі? «Үлкен — кіші» жаттығуы «Не жоқ?» ойыны Педагог тақтаға жануарлардың суретін іліп, балаларға көздерін жұмуды ұсынады. Бір суретті алып жасырып қояды, балалар көздерін ашқанда қай суреттің жоқ екенін тауып, жануарды атайды. «Топ-топ басайық» жылулық шеңбері Хайуанаттар бағы туралы әңгімелесу «Билейтін хайуанаттар бағы» ойыны Педагог кез келген көңілді әуен қойып, нұсқау береді. Сергіту сәті Балалар қолтырауынның суретін апару үшін ескекті есіп, қайыққа отырады. Педагог балалардан сұрайды: «Пілдің баласы» ертегісінде қолтырауын болды ма? Ол не істеді? «Пілдің баласы» ертегісін кейіптендіру «Біз не білдік?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>08-15.02.2019ж</u>	<i>«Қаз бен түлкі» ертегісі</i>	Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге үйрету. Дене құрылысымен таныстыру. Өз ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білу дағдыландыру.	Жылулық шеңбері. А.Торғаевтың «Ақ тауық» өлеңін қайталау «Балалар, үй құстары: қаз, тауық, әтеш, үйрек бір-бірімен қалай амандасатындарын білесіңдер ме? Құстар сөйлей білмесе де өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір-бірімен амандасып, адамдар сияқты қарым-қатынаста болып, бірін-бірі жақсы түсінеді және сезеді. Мысалы: әтеш шақырады, тауық қыт-қыттайды, балапан шиқылдайды, қаз қаңқылдап амандасады екен. Кері байланыс Балалар үй құстарының суретіне қарап, аттарын атап, үйде үлкендерден білгендерін ортаға салады. «Шөжелерім» саусақ ойыны Шеп-шеп, шеп-шеп, шөжелерім, сары алтындай балапаным. Тез жетіндер, жем беремін, дөнге толы алақаным. Жандандыру. «Әтеш пен Тоты» ертегісі Әліппе-дәптермен жұмыс Жаттамақ Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолың жу. Тазалықтың досы - су дегеніміз осы. Жұмбақ Еш тесікке тұрмайды, ол жоқта - жер құрғайды. (Су) Жаңылтпаш Сорпа іштік, сорпа ыстық, сондықтан, қорқа іштік.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>22-01.03.2019ж</u>	<i>«Мақтаншақ қоян» ертегісі</i>	Дала құстары туралы білімдерін жетілдіру. Дала құсы - қарғамен таныстыру. Ойындар арқылы балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ойындар арқылы ой өрісін, сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Жылулық шеңбері. «Торғайлар мен автомобиль» ойыны «Қарғалар» туралы әңгімелесу «Мақтаншақ қоян» орыс халық ертегісін үстел үсті театры арқылы әңгімелеу Сергіту сәті Қане, қанат жазайық, Құс болып ұшайық. Ұшып-ұшып алайық Орнымызға қонайық. «Дауысынан таны» ойыны Музыка ойнайды. Құстардың дауысын тыңдап, сол бойынша қай құстың дауысы екенін ажыратады және суретін тауып көрсетеді. Торғайларды бақылау Жылулық шеңбері. «Торғайлар мен автомобиль» ойыны «Дала құстары» туралы әңгімелесу «Құстар қалай дыбыстайды?» ойыны «Мақтаншақ қоян» ертегісін кейіптендіру «Кім тез?» дидактикалық ойыны «Біз не білдік?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
<u>15-29.04.2019ж</u>	<i>«Шұбар тауық» ертегісі</i>	Үй құстары туралы түсініктерін бекіту. Үй құстары туралы түсініктерін кеңейту, көпше түрде айтуды үйрету. Зейін мен сөйлеуін дамыту. Үй құстарын күтуге, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Музыка тыңдау арқылы қиялын дамыту; артистік, Шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.	«Бала, бала, балапан» жылулық шеңбері Бала, бала, балапан, Қане, қайсы, алақан? Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнап. Топ-топ, топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық! Жаса-жаса, жарқын күн, Жаса-жаса, алтын күн! «Үй құстары» суреттері бойынша әңгімелесу Жұмбақ Жүреді бой тастап, ойқастап, Басында айдары бар, иекте сақалы бар. (Әтеш) Жаңылтпаш Әтеш әнге басады, әтеш ұйқы ашады. «Әтеш» саусақ ойыны «Шұбар тауық» орыс халық ертегісін әңгімелеу «Балапанын тап» дидактикалық ойыны Жылулық шеңбері «Бала, бала, балапан» «Не қалай дауыстайды?» ойыны Әтеш шақырады. Тауық қыт-қыттайды. Қаз қаңқылдайды. Балапан шикылдайды. «Шұбар тауық» ертегісін кейіптендіру «Біз не білдік?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>05-12.042019ж</u>	<i>«Ақымақ қасқыр» ертегісі</i>	Жабайы аңдар туралы түсінік беруді жалғастыру. Қасқырдың тіршілік ортасымен таныстыру; жануарлар мен құстарды тіршілік ортасына қарай топтастыруға үйрету. Ертегіні әңгімелеп беру іскерлігін дамыту.	Сиқырлы айналу. «Мен ормандамын» жылулық шеңбері Үнтаспадан жайлы әуен ойналып тұрады. Педагог балаларға ормандағы саяхатта кездескен қызықты, әсерлі жағдайларды түсіруге «ғажайып фотоаппарат» алуды ұсынады. Балалар көздерін жұмып, өздерін орманда жүргендей елестетеді. С.Погорелевскийдің «Бармысың, орман!» өлеңі. Оқу. Кері байланыс Балалар қасқыр туралы үйден алған мәліметтерін айтып, әңгімелеседі. «Ақымақ қасқыр» ертегісі. Оқу. Талдау «Қасқырдың тіршілігімен таныстыру» тақырыбы бойынша әңгімелесу «Қасқыр - күшті, батыр, жыртықш аң, оның ақылы мен аялсыз тұлкіден де асып түседі. Үлпілдеген құйрығы мен аяқтары ұзын. Қасқырдың терісі ашық сұр түстен қара түске дейін болады. Ол ірі овчарка итке ұқсайды. Қасқырдың баласы - бөлтірік деп аталады. Жұмбақ Қайсы әріп, қасарып, көнбейтін болуға бас әріп? (Н) Әліппе-дәптермен жұмыс Жаңылтпаш «Н»-ды айта алмай, «Н»-ға өшікті Тайқарбай. «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. «Сиқырлы айналу» «Мен ормандамын»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>19-26.05.2019ж</u>	<i>«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі</i>	Наурыз мерекесі туралы білім беру. Наурыз мерекесін өткізу дәстүрлерімен таныстыру. Музыка тыңдау арқылы қиялын дамыту; артистік, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Белсенді сөздік қорын қалыптастыруды жалғастыру; зат есім, сан есім, туыстық атауларды, синоним сөздерді белсенді қолдануға үйрету. Ертегінің аяғын өз ойымен өзгертіп, жалғастырып аяқтауда байланыстыра сөйлеуін және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру; шығарма мазмұны бойынша диалогті сөйлеуге үйретуді жаттықтыру.	Жылулық шеңбері Педагог балаларды дөңгелене отырғызады да, әдемі ән әуенімен көздерін жұмуды сұрайды. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. Оқу. Талдау «Не қалай жүреді?» саусақ ойыны Сергіту сәті Көктем келді, құс келді, Ойнаймыз біз саз илеп. Біздің көлге түсті енді, Былыр кеткен қаз-үйрек. Көк көйлегін киді жер, Шешіп ақ қар ішігін. Емірене сүйді жел, Тал-теректің бүршігін. Әңгімелесу «Сақина салмақ» ойыны Жаңылтпаш Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? Малға қорек керек пе? Оған жарма, кебек керек пе? «Не, қалай дыбыстайды?» ойыны Жандандыру. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Диалогты сөйлеуін жаттықтыру Мақал-мәтелдер «Біз не білдік?»

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
03.05.2019ж	«Үш көбелек» ертегісі	Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру. Құмырсқамен және оның өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру, оның еңбекқорлық қасиетін ерекше атап өту; екі заттың ұзындығын беттестіріп салыстыру тәсілін үйрену; «ұзын, қысқа» сөздерін қолдана білуге үйрету. Ұжымдық жұмыс кезінде өз бетінше жұмыс жасауға тәрбиелеу. Масамен және оның ерекшеліктерімен таныстыру; сөздерді көпше түрге айналдырып айтуға үйрету; бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастыруды үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	Жылулық шеңбері. «Аралар» ойыны «Құмырсқа» туралы әңгімелесу Педагог балаларды ұсақ бұталар мен шилерден жасалған құмырсқаның илеуін тамашалауға шақырады. «Құмырсқаның илеуі» ұжымдық жұмысы Педагог балаларға ұзын жолақты, содан кейін қысқа жолақты көрсетуді ұсынады. Таяқшалар сияқты ұзынды-қысқалы жолақтардан қағазға жапсыру арқылы құмырсқаның илеуін жасауды ұсынады. «Үш көбелек» атты неміс ертегісі. Оқу. Талдау. «Сиқырлы айналу» жылулық шеңбері Педагог сиқырлы таяқшаның көмегімен балаларды құмырсқаға айналдырады. «Біреу — көп» ойыны Педагог ғажайып дүрбімен алысқа қарап тұрған сияқты қимыл-қозғалыс жасайды. «Маса» туралы әңгімелесу Балалар үстелдің үстіндегі алқапқа жаңындағанда ызылдаған масаның дауысын естиді. «Еске түсіреміз және қайталаймыз» жаттығуы «Қиынды суреттер» ойыны Көбелектің, араның, құмырсқаның, масаның суреттері бөліктерге қиылған. Балалар қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады. Жандандыру. «Үш көбелек» ертегісі «Біз не білдік?» «Сиқырлы айналу» қоштасу шеңбері

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>10.05.2019ж</u>	«Ұсқынсыз үйрек» ертегісі	Үй құстары туралы түсінік беруді жалғастыру. Суретке қарап әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздік қорларын молайту. Ұжымда жұмыс жасау іскерліктерін дамыту.	Жылулық шеңбері Балалар үй құстарының суреттеріне қарап, ерекшеліктерін сипаттап және оларға деген жылы тілектерін білдіреді. «Құстар тобы» ойыны Балалар өз қалаулары бойынша үй құстарының бетпердесін киіп, құстарға тән қимылдар көрсетеді. Үй құстары болып, «көгалға жайылымға» шығып, 2-3-6-ға дейін топтасып ойнайды. «Ұшты-ұшты» ойыны Қателескен бала өлең айтады немесе ән салады. Жаңылыспаған ойыншы жеңеді. Әр топ өздері жапсырған үй құстары туралы өткен сабақтағы жұмбақтарды, өлең-такпақтарды, жаңылтпаштарды айтады. Өздері жапсырған үй құстарын сипаттайды. Жұмбақтар Ақ сарайын талқандап, шықты біреу талтандап. (Балапан) Алшақ-алшақ басады, бірін-бірі көрсе қаңқылдасады. (Қаз) «Қаз бен түлкі» ертегісі. Оқу. Талдау Әліппе-дәптермен жұмыс Жандандыру. «Ұсқынсыз үйрек» ертегісі «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. С.Бегалиннің «Қазым, қазым, қаңқылда» өлеңі. Оқу.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>17.05.2019ж</u>	<i>«Арайлы күнде қонақта» ертегісі</i>	Аспан мен күн туралы тусініктерін қалыптастыру. Күн, ауа, жаңбырдың қасиеттері туралы түсіндіру, мазмұнына қарай сұрақтарға жауап беруге үйрету, жаттықтыру. Ұсақ қол қимылдарын жетілдіру, дыбысты, сөзді, сөйлемді дұрыс анық айтуға, сөйлеу, есте сақтау және қабылдау қасиеттерін дамытуға үйрету. Күн мен аспанның көріністеріне қызығушылықтарын тәрбиелеу. Адамдардың механикалық көмекшісі роботпен таныстыру. Есте сақтауын дамыту, актерлік шеберліктерін арттыру. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	Жылулық шеңбері Әңгімелесу Педагог балалармен күн мен көк аспан туралы әңгімені жалғастырады. Сергіту сәті. «Күн ұйықтайды» өлеңінің мәтініне орай қимыл-қозғалыстар жасау. «Арайлы күнде қонақта» ертегісін әңгімелеу «Күн» саусақ ойыны Балалар қолдарын бір-біріне айкастырады. Саусақтарының арасын ашып, күн сәулесі сынды қимыл жасайды. Педагог мына өлең жолдарын айтады. Жарқырайды күннің көзі, Нұрын шашып далаға. Күн сәулесін төгеді, Бақыт сыйлап балаға! «Роботтар» сергіту сәті Балалар музыка әуенімен роботтардың қимылдарын көрсетеді. Жандандыру. «Робот» тақырыбына ұжымдық жұмыс Педагог алдын ала ватман қағазына роботтың бейнесін салып дайындайды. Балалар түрлі түсті қағаздан қиылған әртүрлі пішіндерді денесіне жапсырады. Олар дайын роботтың бейнесін тамашалап, одан сыйлықтар тауып алады. «Арайлы күнде қонақта» ертегісін кейінтендіру «Күн мен түн» ойыны «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері. «Әрқашан күн сөнбесін!» әнін орындау

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
<u>24.05.2019ж</u>	<i>«Үйшік» орыс халық ертегісі</i>	Геометриялық пішіндер (тік төртбұрыш, шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша) туралы білім беру; ұзын, қысқа, бірдей деген ұғымдармен таныстыру. Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	Жылулық шеңбері Балалар бір-бірімен амандасып, «Менің ата-анам (есімдерін айтып) бәріне сәлем жолдайды» - деп, өзара қуаныш сыйлайды. Педагог әңгімені қорытындылайды: «Міне, балалар біздің тобымыз үлкен жанұяға ұқсады, өйткені біз бір-біріміз арқылы ата-аналарымызбен де танысып жатырмыз». Әңгімелесу Педагог балалардың назарын Қарлығаш тұмсығындағы хатқа аударады. «Үйшік» ертегісі. Оқу. Талдау. Шығармашылық сахналау Балалар ертегі мазмұнына қалаулары бойынша өзгерістер, қосымша кейіпкерлерді енгізіп, іс-әрекет: қимыл-қозғалыс, дауысын келтіру арқылы бейнелейді. Әдептілік ережелері М.Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңі. Оқу. Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де, Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ. Әліппе-дәптермен жұмыс Жандандыру. «Ғажайып ұя» ертегісі

№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы
Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

№3 «Күнбағыс» ортаңғы топ
Вариативтік жоспар
(нөмірленген, бет саны 22 бауланған, мөрімен бекітілген)

Басшысы:  А.Ш.Есбол.

2018-2019ж

